

# ЖҰБАНОВ ЖАРШЫСЫ

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» дейді Қасым Аманжолов



## Апта жаңалықтары

А.Жұбанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде 26 желтоқсан күні оқушыларға арналған «ТӨРЛЕТ, ҚҰТТЫ ЖАҢА ЖЫЛ!» атты мерекелік іс-шара өтті.

Мерекелік шарада алғаш болып сөз сөйлеген Қ.Жұбанов атындағы а/о әкімі Л.Е.Бердыбаева оқушыларға ақжарма тілегін білдіріп, бастауыш сынып оқушыларына ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен алынған жаңа жылдық сыйлықтарын әкеліп табыстады.

Жалғасы 2-бетте

### • Бәрекелді!

Құрметті оқырман! Назарларыңызға мектебіміздің жаңғырған жаңа бейнесін ұсынамыз!



## Ұстаздар мен оқушылар

Кім-кімнің де жақсы адам, мықты маман болуы ұстазына байланысты. Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақ» деген.

Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Алтын ұя мектебімізде барлығы 29 мұғалім қызмет етеді. Ашып айтсақ, 5 педагог-зерттеуші, 10 педагог-сарапшы, 7 педагог-модератор, 5 педагог оқушыларды білім нәрімен сусындатуда.



Ахмет Жұбановтың музыкаға деген қабілеті ерте оянып, алты жасынан бастап домбыра шертіп, ән айтқан.

Жалғасы  
3-бетте

### • Көзайым





## МЕКТЕП

# Мәуелі мектеп: Жақсы жаңалықтар тізбегі

Бүгінгі мектеп оқушылары – ертең ел тізгінін ұстайтын азаматтар. Білім ошағымызда барлығы 110 оқушы тәлім алуда.

Нақтырақ айтсақ, мектепалды даярлық тобында – 10 бала, ал 1-4 сыныптарда – 34 оқушы, 5-9 сыныптарда – 45, 10-11 сыныптарда – 21 оқушы білім алуда. 11 сынып оқушысы Суюнтаев Есет – білімге құштар, үздік оқушы. Ол «Алтын белгі» иегері атануға үміткер. Дара дарынға тек сәттілік тілейміз!



Мектептің жөндеу жұмысына дейінгі көрінісі



### Жаңа жабдық – жасамыз әдіс

Мектебіміздің 2001 жылғы түлектері жаңа жыл қарсаңында 160 мың теңге көлемінде Көркем еңбек пәні кабинетіне қажетті заманауи құрал-жабдықтарды сыйға тартты. Мектебін ұмытпай, ұстаздарын ұлықтап жүрген ұлағатты ұл-қыздарымызға тек табыс пен татулық, отбасыларына амандық пен береке тілейміз.

### Апта жаңалықтары

(Басы 1-бетте)

Жаңа жылды ерекше көңіл күймен қарсы алған оқушылар Аяз Ата мен Ақшақарға би билеп, ән айтып өз өнерлерін көрсетті. Сондай-ақ, мектеп директоры Г.Ш.Жаксыбаева «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жыл бойына белсенділік танытқан оқушыларға арнайы сыйлықтарын табыстады. Мереке қарсаңында кәсіби біліктілігі мен жетістігі үшін бастауыш сынып мұғалімі Г.Ж.Қайрақбай кәсіподақ төрайымы Ж.Жұмабаеваның алғыс хатымен марапатталды.

### Қаракөлдегі жаңа жыл қалай өтті?

Қаракөл ауылдық мәдениет үйінде жаңа жыл мерекесіне арналған салтанатты шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Бұл мереке ауыл тұрғындары мен түрлі мекемелер қызметкерлерінің басын қосып, ортақ қуаныш сыйлады. Шара барысында Қаракөл орта мектебінің ұстаздары да белсене қатысып, өз өнерлерін көпшілікке паш етті.

Ұстаздар мерекелік бағдарламаға ерекше дайындықпен келіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Олар сахнада ән айтып, би билеп, жаңа жылға арналған көріністер қойып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Олардың өнері көрермендердің ықыласына бөленіп, әрбір қойылымы үлкен қошеметпен қарсы алынды.

Шара барысында мектеп директоры ұстаздардың белсенділігі мен еңбегін жоғары бағалап, ұжымға өз атынан арнайы сыйлық тарту етті.



# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

## Сіз білесіз бе?

(Басы 1-бетте)

Ол қазақтың алғашқы кәсіби оркестрінің негізін қалаушы. Нақтырақ айтсақ, 1934 жылы А.Қуанұлы Алматыда Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік халық оркестрін құрды. Бұл оркестр қазақтың ұлттық музыкасын жаңа деңгейге көтеріп, әлемге танытты.

А. Жұбанов бес бала тәрбиелеп өсірген аяулы әке. Екі қызы өзінің жолын қуды: Фазиза – композитор, Роза – пианист, педагог. Екі ұлы Болат пен Қайыр химия саласын таңдады. Кіші қызы Ажар – биохимик. Ата жолын қуған немерешөберелері де баршылық. Олардың ішіндегі ең атақтысы – Алан Бөрібаев.

Композитордың 100 жылдығына орай ЮНЕСКО-ның шешімімен 2006 жыл Ахмет Жұбанов жылы деп жарияланды.

Ахмет Қуанұлы тек қана композитор емес, қазақтың дәстүрлі музыкасын ғылыми түрде зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі.



## Қазақ музыкасын әлемге танытқан

**Ахаң – қазақ музыка әлеміндегі осындай адам, өз тұсында уақыттан оза шауып, елге, ұрпаққа бас болған ұлттық мәдениеттің жарық жұлдызы.**

Композитор есебінде қарасақ, бір «Абай» операсының өзі неге тұрады? Бұл шын мағынасындағы ұлттық операмыздың тұңғышы. Оған дейінгі бұл жанрдағы шығармалардың халық музыкасынан құрастырылғанын ескерсек, ол тұңғыш ұлттық операның авторы.

Әрі қандай опера! Қойылғаннан бері (1944) елу жылдан астам сахнадан түспей, қазақ әншілерінің неше ұрпағын сыннан өткізген ұлттық музыка өнерінің өрен үлгісі емес пе?

Қанша ұрпақ кітаптан тәрбие алып, ұлттық өнерге деген шынайы махаббатын ұштады. Қазақ халқының музыкасын әлемге танытқан осы кітап еді ғой. Сол үшін Ахаңа диссертация қорғамай-ақ, өнертану ғылымының докторы деген атақ беріліп, 1946 жылы ұйымдасқан Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланғаны да шындық.

**Серік ҚИРАБАЕВ,**

академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



# СҰХБАТ

## Ахмет Жұбановпен ретроспективалық сұхбат: Ән-күй сапары



**– Ахмет Қуанұлы, әңгімемізді жалпы сұрақтан бастағым келіп тұр. Ауылда күй тартылып жүрді ғой. Ал үлкен сахнаға қашан шығып еді?**

– Қазақ халық күйлерінің үлкен аудиторияда тұңғыш рет орындалуы 1923 жылы еді. Бүкілроссиялық ауылшаруашылық көрмесінде осы аталған жылдың август айының ішінде халық композиторы Сейтек Оразалиев бірнеше күйлер орындады. Мәскеу халқы күй дегенді бірінші рет осылай есітті.

**– Ал Қазақстандағы үлкен сахна...**

–1930 жылы атақты домбырашы Құрманғазының небір асыл күйлерін біздің заманға жеткізіп берген күйшінің музыкалық мұрагерлерінің бірі – Уахап Қабигожин қазақтың тұңғыш драма театрының сахнасынан күйлер орындады. Бірақ театрдың ол кездегі басшылары күйдің шын мәнісіне түсіне алмай, «мәнсіз ұзақ тартыс» деп Қабигожинды театрдан шығарып жіберді.

Оның дәстүрлі музыка мен әлемдік классикалық өнердің қазақ даласында кең қанат жаюына еңбек еткені ерлікпен пара-пар. Сонымен қатар сол еңбегін қағазға түсіріп, кітап ретінде де шығарып жүрді. Бүгінде көпшілікке белгілі «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары» атты кітаптары кез келген өнертанушының кітапханасынан табылады.

Біз қанша жазсақ та, Ахаңның өз сөзінен артық жаза алмайтынымызды түсіндік. Сондықтан баспасөзде белгілі бір әдісті қолдануды ұйғардық. Ол – ретроспективалық сұхбат жанры. Яғни, сұхбат алушы біз болсақ, сөз айтушы Ахмет Жұбановтың пайымдарын «Ән-күй сапары» атты жинағынан алып, оқырманға ұсынбақпыз. Бұл әдісімізге оқырмандар тарапынан жақсы пікірлер келсе, кейін де жалғастыруымыз әбден мүмкін.

**– Құрманғазының фотосы жоқ екенін білеміз. Бірақ сіздер оны ұзын сақалмен бейнелепсіздер. Мәнісін түсіндірсеңіз.**

–Біздің 1936 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Құрманғазы» деген кітапшамызда күйшінің сақалын екі айырып, иығынан асырып тастап, домбыра тартқызып қойғанымыз Махамбет Бөкейхановтың мәліметі бойынша болатын.

Ол кісі: «Құрманғазының сақалы аса ұзын болған. Сондықтан домбыра тартқанда оң қолының құлашы кеңдіктен саусақтары сақалын жұла берген соң, күй тартар алдында сақалын екі бөліп екі иығына асырып тастайды екен» деген болатын. Кейін 1937 жылдың күзінде Алматыға Дина келгенде біздің бұл жорамалымыз расқа шықты. Осы әңгімені Дина да қостады.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

# МЕКТЕБІМ, МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

## МЕКТЕБІМІЗДІҢ ЖАҢАРҒАН БЕЙНЕСІ



Мектеп Парламентінің мүшелері

Мектеп Президенті Құлшар Байсал

### Студенттермен кездесу

10 қаңтар күні А.Жұбанов атындағы ЖББОМ-де «Жарқын жастық – баянды болашақ» тақырыбында студенттермен кездесу кеші өткізілді.

Мақсаты: мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан студенттер мен жоғарғы сынып оқушыларын кездестіріп өзара пікір алмасып, студент жастар мен оқушылар арасындағы байланысты нығайтуға және оқушыларға кәсіби мамандық таңдауға жүйелі көзқарас қалыптастыруға ықпал жасау. Ұйымдастырған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Убайдуллаева еді.

Аталған кешке 2021-2024 жылдар арасында мектеп бітірген студенттер қатысып, ойын ойнап, пікір алмасып еркін тақырыптарда сүбелі сұхбат жүргізілді. Сонымен қатар мектебіміздің 2016 жылғы түлегі Құлшар Қалыбек келіп, жастарға өз кеңесін айтты. Жиын соңында мектеп директоры Г.Ш.Жаксыбаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Мирманов, психолог Г.К.Елжанова студенттерге алғыс білдіріп, алдағы жоспарларына сәттілік тіледі.

